# ШЖҚ «Метрополитен» КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау хаттамасы

Алматы қ. 2026 жылғы 18 наурыз

**Жұмыс тобының жетекшісі:**
метрополитен директорының м.а. - А. Д. Джангильдин
**Жұмыс тобының мүшелері:**
комплаенс-офицер - Е. Е. Иманбаев
қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас ревизор - Н.Н. Аскарбаев
ӨТБ бастығы - Бекбаев А.О.
ЖЭБ бастығы - Баяманов Э. А.
қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімі бастығының орынбасары - М. Б. Керимкулова
ІАБ жетекші аудиторы - Б. С. Курошаев
АТҚ жетекші маманы - А. А. Адырбекова
заң бөлімінің маман заңгері - Д. Ж. Ахмадиев

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. ШЖҚ «Метрополитен» КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін ішкі талдау нәтижелерін жария етіп талқылаудың қорытындылары туралы.

Жұмыс тобының жетекшісі А. Д. Джангильдин сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы» үлгілік базалық бағыттағы жобаларды орындау бойынша №4 нұсқаулығына сәйкес сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері олармен кері байланыс алу үшін жұртшылықпен ашық талқылануы тиіс.

Жария талқылауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады және анықталған қауіп-қатерлер бойынша ұсыныстар болған жағдайда түсініктемелерде жаза алады немесе көрсетілген телефондар мен электрондық пошта арқылы хабарласа алады.

Осыған байланысты ШЖҚ "Метрополитен" КМК (бұдан әрі - Кәсіпорын) сайтында байланыс телефондары мен электрондық поштаны көрсете отырып, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау туралы хабарландыру орналастырылды.

Азаматтардан қоғамдық талқылауға қатысуға қатысты телефон қоңыраулары мен түсініктемелер түскен жоқ.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдауды 2025 жылдың 9 айы және 2026 жылдың 1-тоқсаны кезеңінде келесі бағыттар бойынша жүргізді:
1) бас ревизор аппаратының қызметіндегі қауіп-қатерлерді анықтау;
2) персоналмен жұмыс бөлімнің қызметіндегі қауіп-қатерлерді анықтау;
3) мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметіндегі қауіп-қатерлерді анықтау;
4) материалдық-техникалық жабдықтау қызметіндегі қауіп-қатерлерді анықтау;

5) электрдепо жұмысындағы қауіп-қатерлерді анықтау;

6) Метрополитен бөлімшесінің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардағы құқықтық олқылықтарды *(коллизиялар, қайшылықтар, заңдық-лингвистикалық белгісіздіктер)* анықтау.

Е. Е. Иманбаев сөз сөйледі: жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдауды "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және кәсіпорынның 27.01.2026 жылғы № 47-п бұйрығына сәйкес жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне ішкі талдау объективтілік, шынайылық, ашықтық және жан-жақтылық қағидаттарында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді ішкі талдау нәтижелерін жұртшылықпен жария талқылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін сапалы шешуге мүмкіндік беретін маңызды аспект болып табылады. Бұл ретте ұжым әрбір бөлімшенің жұмысындағы кемшіліктерді білуі және өз пікірін білдіре алуы және бар проблемаларды еңсеру бойынша тиісті ұсыныстар бере алуға тиіс. Менде сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар жоқ.

Б.С. Курошаев сөз алды: аналитикалық анықтамада барлығы көрсетілген, толықтырулар енгізу үшін ақпарат жоқ.

Жұмыс тобының қалған мүшелерінде де қосымша ақпарат жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобы талдамалық анықтама дайындады және анықталған сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін жою бойынша ұсынымдар талқыланды.

Қорытындыда А.Д.Джангильдин сөз сөйледі: Талдамалық анықтамадағы ақпарат дұрыстығына күмән келтірмейді. Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленетін болады.

**Жұмыс тобының басшысы:** **А. Джангильдин**

**Жұмыс тобының мүшелері:**

**Е. Иманбаев**
**Н. Аскарбаев**
**А. Бекбаев**
**Э. Баяманов**
**М. Керимкулова**
**Б. Курошаев**
**А. Адырбекова**
**Д. Ахмадиев**